

«18» 08 2025ж  
(күні, айы, жылы)  
№1 педагогикалық кеңестің  
шешімінде қабылданды



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық  
жоспары  
«Балапан» кіші тобы**

**Мектепке дейінгі ұйым «Балбөбек»  
Кіші “Балапан” топ 2 жастағы балалар  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2025 –2026 оқужылына арналған  
Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің перспективалық жоспары**

**Қыркүйек айы 2025 жыл**

<b>Ұйымдастырылған іс әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс- әрекеттердің міндеттері</b>
<b>Дене тәрбиесі</b>	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <i>Жүру.</i> Әр түрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен ,қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру  <i>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.</i> Заттардан (биіктігі 10-15сантиметр):құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру,орнында баяу айналу.  <i>Жүгіру.</i> Бір қалыпты, шашырап, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.  <i>Еңбектеу, өрмелеу.</i> әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап алақанымен, тізементіреп)еңбектеу.  <i>Домалату, лақтыру.</i> Отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату.  <i>Секіру.</i> 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен,лентадан (қатарқойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b>  <i>Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</i> Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу.  <i>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</i>  Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп,оңға-солға бұрылу.Алға және екі жаққа еңкею.  Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру.</p>

*Иштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.* Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу.

**Қимылды ойындар.**

Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру).

**Спорттық жаттығулар:**

Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.

**Дербес қимыл белсенділігі.**

Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өзбетінше орындауға ықылас танытуға баулу.

**Мәдени-гигиеналық дағдылар.**

Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге, ілгектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту.

Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.

Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгігпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.

Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру.

**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**

Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігі мен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.

Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.

<b>Тіл дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөзтіркестерін (2-4сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу,есту қабілетінің дамуына ықпал ету.</p> <p><b>Сөздік қорды қалыптастыру.</b>ойыншық, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз, көкөніс пен жеміс, үй жануарларымен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдерді қолдануын дамыту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі(Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге,өзойын айтуға үйрету.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Балаларды бесік жырларын, халық әндерін,ертегілерін,авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.</p> <p>Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді,үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқада көрнекі құралдарды көрсету мен сүйемелдеу,сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.</p> <p>Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.</p>
<b>Сенсорика</b>	<p>Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқаумен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, кимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістік үйлесімділігін дамыту.</p> <p>Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту;</p> <p>Ересектер мен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу,ересектер салған суретті толықтыру.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру; Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету.</p> <p>Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыруды үйрету.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжетті ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм,су,тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.</p> <p>Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу,олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту, үстіне, жанына қою</p>

	дағдыларын жетілдіру .
<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: эн, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру; Ән айту: Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып эн айту, аспаптардың шығаратын және ересектің эн айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру; Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.</p>
<b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b> «Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану</p> <p><b>Заттық әлем.</b> Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану</p> <p><b>Көлік.</b> Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b> Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.</p> <p><b>Адамгершілік тәрбиесі.</b> Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету.</p> <p><b>Табиғат әлемі.</b> Балалардың табиғатпен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көкөністер (қызанақ, қияр, картоп ) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p>

## Қазан айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <i>Жүру.</i> шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап , иректелген лентаның бойымен жүру.  <i>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.</i> заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге):тұру,қолдарын жоғары көтеру, түсіру;  <i>Жүгіру.</i>бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру  <i>Еңбектеу, өрмелеу.</i> Көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның астынан еңбектеу.  <i>Домалату,лақтыру.</i> Отырып және тұрып ,түрлі заттардың астынан 0,5-1,5метр арақашықтыққа доптарды домалату  <i>Секіру.</i> Алға қарай ұмтыла қосаяқпен затқа дейін (10-15сантиметр)секіруге үйрету</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b>  <i>Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</i>  Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау  <i>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</i>  Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтардыкезекпенбүтужәнежазу.  <i>Иштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</i>  Орнында жүру. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b>  Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.  Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру,жүгіру,лақтыру,домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b>  Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару дағдысын қалыптастыру;</p>

	<p><b>Дербесқимыл белсенділігі.</b> Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықыластанытуға баулу.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдылар.</b> Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге, ілгектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Жолдасының киіміндегі ұқыпсыздықты көруге және оған өз көмегін ұсынуға үйрету. Жендерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру. Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталау.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b> балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру;</p>
<b>Тіл дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.</p> <p><b>Сөздік қорды қалыптастыру.</b> Еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктерді қолдануды үйрету;</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұраққа «Бұл кім (не)?», «Не істеді?» жауап беруін пысықтау</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу.

	Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару.
<b>Сенсорика</b>	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
<b>Сурет салу</b>	Бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту мен көркемдік қабылдауларын дамыту; Белгілі ібір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды ұмаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізуді үйрету.
<b>Мүсіндеу</b>	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қолсағат) мүсіндеу, заттарды ұқсастықтарын табу.
<b>Жапсыру</b>	Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыруын жетілдіру.
<b>Құрастыру</b>	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, абиғим атериалдарды (күм,су,тас) қолданып,ойнауға мүмкіндік беру. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қоюын үйрету.
<b>Музыка</b>	<b>Музыка тыңдау:</b> Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау мен әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру; <b>Ән айту:</b> Ән айтуға қызығушылықты дамыту, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру; <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Бубенмен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік - ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасауды үйрету; қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу

	дағдыларын жетілдіру; музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру дағдыларын қалыптастыру;
<b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b>	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; Ауладағы ересектердің еңбегін, аулаға ұшып келетін құстарды, маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдау. Бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтауды дамыту

### Қараша айы 2025жыл

<b>Ұйымдастырылған іс әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Дене тәрбиесі</b>	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <i>Жүру.</i> Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру  <i>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.</i> Заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу.  <i>Жүгіру.</i> Бір қалыпты, шашырап, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.  <i>Еңбектеу, өрмелеу.</i> әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тізементіреп) еңбектеу.  <i>Домалату, лақтыру.</i> Отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату.  <i>Секіру.</i> 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету.  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b>  <i>Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</i>  Қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұғу және ашу.  <i>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</i></p>

Шалқасынан жатқан алыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру.  
*Иштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.*  
Орнында жүру. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату(отырып).

**Қимылды ойындар.**

Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).

**Спорттық жаттығулар:** Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және өзімен бірге үсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.

**Дербес қимыл белсенділігі.**

Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өзбетінше орындауға ықыластанытуға баулу.

**Мәдени-гигиеналық дағдылар.**

Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, бетімен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру.

Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі ол қылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.

Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстелбасында дұрыс отыру.

**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**

Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға ақызығушылық пен ықылас танытуға баулу.

Шынықтыру шараларын өткізу.

<p><b>Тіл дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.  <b>Сөздік қорды қалыптастыру.</b>  Заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b>  сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпшештүрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.  <b>Байланыстырып сөйлеу.</b>  Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әр екеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.</p>
<p><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу  Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқада көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын дамыту.</p>
<p><b>Сенсорика</b></p>	<p>Заттармен құралдарды қолданудағыларын қалыптастыру, ауызша нұсқаумен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістік тік үйлесімділігін дамыту.</p>
<p><b>Сурет салу</b></p>	<p>Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салуды.  Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізуді үйрету.</p>
<p><b>Мүсіндеу</b></p>	<p>Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.  Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліпалу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.</p>
<p><b>Жапсыру</b></p>	<p>Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.</p>
<p><b>Құрастыру</b></p>	<p>Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.  Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауын пысықтау.</p>
<p><b>Музыка</b></p>	<p><b>Музыка тыңдау:</b>  Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу.  <b>Ән айту:</b> Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздермен буындарды айту, педагогтің дауыс</p>

	ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.
<b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b>	Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тануды. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тануды. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Балалардың табиғатпен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен таныстыру

### Желтоқсан айы 2025 жыл

<b>Ұйымдастырылған іс әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Дене тәрбиесі</b>	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <i>Жүру.</i> шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойыншатақтап, иректелген лентаның бойымен жүру.  <i>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.</i> заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу;  <i>Жүгіру.</i> Бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру  <i>Еңбектеу, өрмелеу.</i> Көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның астынан еңбектеу.  <i>Домалату, лақтыру.</i> Отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату  <i>Секіру.</i> Алға қарай ұмтыла қосаяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге үйрету</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b>  <i>Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</i> Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру;  Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұғу және ашу.  <i>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</i>  Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұғу және ежазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру.</p>

*Иштің және аяқтың бұшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.*

Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттанұстап) бұғу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу.

**Қимылды ойындар.**

Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру).

**Спорттық жаттығулар:**

Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату.

**Дербес қимыл белсенділігі.**

Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.

**Мәдени-гигиеналық дағдылар.**

Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, бетімен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру.

Жеке заттарды қолдану (қолорамал, майлық, орамал, тарақ, түбек),

Киіміндегі ол қылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру:

нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстелбасында дұрыс отыру.

**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**

Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пенықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу.

<p><b>Тіл дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшіне ескеріп артикуляциялық гимнастика жасау</p> <p><b>Сөздік қорды қалыптастыру.</b> Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырына ийтып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіруін үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнына ийтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.</p>
<p><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.</p>
<p><b>Сенсорика</b></p>	<p>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауын жетілдіру</p>
<p><b>Сурет салу</b></p>	<p>Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды ұмаждамау, қаламды тарсылдатпауды, жұмысты ұқыпты жасауды.</p>
<p><b>Мүсіндеу</b></p>	<p>Қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қолсағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарынтабуды. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.</p>
<p><b>Жапсыру</b></p>	<p>Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Фланелеграфта геометриялық фигураларды орналастыруын дамыту.</p>
<p><b>Құрастыру</b></p>	<p>Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауды. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастырудағыдыларын бекіту: үстіне, жанына қоюды жетілдіру.</p>
<p><b>Музыка</b></p>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.</p>

	<p><b>Ән айту:</b> Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрысжеткізу.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.</p>
<p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b></p>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b> Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау</p> <p><b>Заттық әлем.</b> Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу) белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, біртекшені екіншісіне қою) орындауға баулу.</p> <p><b>Көлік.</b> Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b> Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.</p> <p><b>Адамгершілік тәрбиесі.</b> Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Дәрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу</p> <p><b>Табиғат әлемі.</b> Балалардың табиғатпен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел.</p>

## Қаңтар айы 2026 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <i>Жүру.</i> шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру.  <i>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.</i> Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен жүру  <i>Жүгіру.</i> Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен жүгіру;  <i>Еңбектеу, өрмелеу.</i> Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50x50 сантиметр модульге өрмелеу.  <i>Домалату, лақтыру.</i> Түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату  <i>Секіру.</i> Еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b>  <i>Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</i>  Қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұғу және ашу.  <i>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</i>  Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру.  <i>Иштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар</i> Аяқтың өкшесін алға қою.  Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып).</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b>  Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.  Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру).</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b>  Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету.</p>

	<p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b> Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне , бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықыластанытуға баулу.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдылар.</b> Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, бетіме нқолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), Киіміндегі ол қылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстелбасындадұрыс отыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b> Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу.</p>
<p><b>Тіл дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дыбыстардың, сөздермен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.</p> <p><b>Сөздік қорды қалыптастыру.</b> Балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тындатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.</p>

<b>Көркем әдебиет</b>	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.
<b>Сенсорика</b>	Заттармен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқаумен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
<b>Сурет салу</b>	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдікқабылдауларын дамыту. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
<b>Мүсіндеу</b>	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліпалу, оларды біртұтас еті біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіруді
<b>Жапсыру</b>	Балаларды бейнелерді қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.
<b>Құрастыру</b>	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
<b>Музыка</b>	<b>Музыка тыңдау:</b> Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.  <b>Ән айту:</b> Ересектің дауыс интонациясымен аспапқа бейімделе отырып айтуға ынталандыру.  <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындармен әндерді сахналау.
<b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b>	Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу.

	<p>Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару.</p> <p>Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p>
--	---

### Ақпан айы 2026 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	<p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <p><i>Жүру.</i> Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру</p> <p><i>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.</i> Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу</p> <p><i>Жүгіру.</i> Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру</p> <p><i>Еңбектеу, өрмелеу.</i> Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен еңбектеу.</p> <p><i>Домалату, лақтыру.</i> Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтық тағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру;</p> <p><i>Секіру.</i> Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қосаяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіру</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <p><i>Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</i> Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу.</p> <p><i>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</i> Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею.</p> <p><i>Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру.</i></p>

*Иштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.* Орнында жүру. Бастапқы калыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттанұстап) бүгу.

**Қимылды ойындар.**

Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).

**Спорттық жаттығулар:**

Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету.

**Дербес қимыл белсенділігі.**

Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.

**Мәдени-гигиеналық дағдылар.**

Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, бетімен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру.

Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі ол қылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру.

**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**

Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу.

Шынықтыру шараларын өткізу.

<p><b>Тіл дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Қарапайым сөз тіркестерін (2-4сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету  <b>Сөздік қорды қалыптастыру.</b>  Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету.  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b>  сөздердің дұрыс айтылуын жетілдіру  <b>Байланыстырып сөйлеу.</b>  Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атауын қалыптастыру</p>
<p><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.  Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p>
<p><b>Сенсорика</b></p>	<p>Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.  Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.</p>
<p><b>Сурет салу</b></p>	<p>Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды маждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасауды.  Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстауды, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізуді. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеуді, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу дағдыларын дамыту.</p>
<p><b>Мүсіндеу</b></p>	<p>Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдануды, қолды дымқыл шүберекпен сүртуді, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыруды, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.  Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру</p>
<p><b>Жапсыру</b></p>	<p>Жапсыруға қызығушылықты ояту. Жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.  Фланелеграфта машиналарды, үйлерді доптарды, шарларды орналастыру.</p>
<p><b>Құрастыру</b></p>	<p>Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.  Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына</p>

	қоюды пысықтау.
<b>Музыка</b>	<b>Музыка тыңдау:</b> Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. <b>Ән айту:</b> әннің қайталанатын сөздерін айтуға ынталандыру. <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.
<b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b>	Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атауды. Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдануды. Дөрекілікке, сарандыққа теріс көзқарас қалыптастыру; Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел. Қарды домалату ойнау және эксперимент жасау. Маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылауды үйрету.

### Наурыз айы 2026 жыл

<b>Ұйымдастырылған іс әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Дене тәрбиесі</b>	<b>Негізгі қимылдар:</b> <i>Жүру.</i> Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру <i>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.</i> Заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту; тактайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу. <i>Жүгіру.</i> Бірқалыпты, шашырап, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. <i>Еңбектеу, өрмелеу.</i> әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрт тағандап (алақанымен, тізементіреп) еңбектеу. <i>Домалату, лақтыру.</i> Отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату. <i>Секіру.</i> 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап

секіруге үйрету.

**Жалпы дамытушы жаттығулар.**

*Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.*

Қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұгу және ашу.

*Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.*

Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру.

*Иштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.*

Орнында жүру. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып).

**Қимылды ойындар.**

Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.

Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).

**Спорттық жаттығулар:**

Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату.

Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. (спорт залда немесе алаңқайда)

**Дербес қимыл белсенділігі.**

Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.

**Мәдени-гигиеналық дағдылар.**

Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, бетімен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру.

Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарак, түбек), киіміндегі ол қылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: Нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында

	<p>дұрыс отыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b>  Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.  Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу.  Шынықтыру шараларын өткізу.</p>
<b>Тіл дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде етыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.</p> <p><b>Сөздік қорды қалыптастыру.</b> ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарларымен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасыз аттарын білдіретін зат есімдермен атау дағдыларын дамыту</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b>  Сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіруді үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b>  Таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Неістеді?».Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беруге ынталандыру.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу және</p> <p>Бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.</p> <p>Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үст ітеатрының кейіпкерлерін және басқада көрнекі құралдарды көрсету мен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын дамыту.</p>
<b>Сенсорика</b>	<p>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыруды заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауды.</p> <p>Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.</p> <p>Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмғасаусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыруға ынталандыру.</p>

<b>Мүсіндеу</b>	Мүсіндеуде қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қолсағат), және басқа заттардың ұқсастықтарын таба білуді үйрету.
<b>Жапсыру</b>	Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу) үйрету. Бейнелерді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.
<b>Құрастыру</b>	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.
<b>Музыка</b>	<b>Музыка тыңдау:</b> Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. <b>Ән айту:</b> әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, әр баланы басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға) Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін таныстыру. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.

## Сәуір айы 2024жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	<p><b>Негізгі қимылдар:</b> <i>Жүру.</i> шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. <i>Тене-теңдік сақтау жаттығулары.</i> заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; <i>Жүгіру.</i> Бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру <i>Еңбектеу, өрмелеу.</i> Көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның астынан еңбектеу. <i>Домалату, лақтыру.</i> Отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату <i>Секіру.</i> Алға қарай ұмтыла қосаяқпен затқа дейін (10-15сантиметр) секіруге үйрету</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> <i>Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</i> Қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұғу және ашу. <i>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</i> Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұғу және жазу. <i>Иштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</i> Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b> Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру).</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.</p>

	<p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b> Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өзбетінше орындауға ықылас танытуға баулу.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдылар.</b> Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.</p> <p>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b> Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға ақызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу.</p>
<b>Тіл дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету <b>Сөздік қорды қалыптастыру.</b> Заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту. <b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Оқып беруде ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқада көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын дамыту. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.</p>

<b>Сенсорика</b>	<p>Заттармен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқаумен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.</p> <p>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әр текті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауын пысықтау.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білуді, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеуді, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салуды дамыту.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.</p> <p>Пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдетуді, кесектерді біріктіруді мүсіндеуге арналған материалдарды қолдануды жетілдіру</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.</p> <p>Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру дағдыларын пысықтау.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.</p> <p>Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауды.</p> <p>Құрдастары мен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту:үстіне, жанына қоюын қалыптастыру.</p>
<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тыңдау:</b></p> <p>Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.</p> <p><b>Ән айту:</b> Ересектің дауыс интонациясымен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындармен әндерді сахналау.</p> <p>Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.</p>

<b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b>	Үйкұстарын (тауық ,каз, үйрек), Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суыққар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасауды ұйымдастыру.
-----------------------------------	---

## Мамыр айы 2024жыл

<b>Ұйымдастырылған іс әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Дене тәрбиесі</b>	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <i>Жүру.</i> қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру  <i>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.</i> заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу;  <i>Жүгіру.</i> белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру;  <i>Еңбектеу, өрмелеу.</i> гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрт тағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.  <i>Домалату, лақтыру.</i> Екіқолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру;  <i>Секіру.</i> Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге үйрету.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b>  <i>Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</i> Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру;  Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу.  <i>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</i>  Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру.  <i>Иштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</i>  Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу.</p>

**Қимылды ойындар.**

Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).

**Спорттық жаттығулар:**

Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.

**Дербес қимыл белсенділігі.**

Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.

**Мәдени-гигиеналық дағдылар.**

Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, бетімен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру.

Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі ол қылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру.

**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**

Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пенықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу.

<p><b>Тіл дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығымен күшін ескеріп Артикуляциялық гимнастика жасауын ұйымдастыру</p> <p><b>Сөздік қорды қалыптастыру.</b> Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнатуарқылы қамқорлыққа баулу</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру дағдысын дамыту.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беруді. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнап көрсету дағдысын дамыту.</p>
<p><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту</p>
<p><b>Сенсорика</b></p>	<p>Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыраотырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауын таныту.</p>
<p><b>Сурет салу</b></p>	<p>Бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білуді, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеуді, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салуды пысықтау. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыруды жетілдіру.</p>

<b>Мүсіндеу</b>	<p>Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліпалу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.</p> <p>Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қолсағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыружұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.</p> <p>Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыруды пысықтау.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Ойын аясында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.</p> <p>Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.</p>
<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тыңдау:</b></p> <p>Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.</p> <p><b>Ән айту:</b> Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздермен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b></p> <p>Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.</p>
<b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b>	<p>Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажыратуды үйрету.</p> <p>Серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктермен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасауды қалыптастыру.</p>